

# Білім ошағында ұлы той

## Ғаббас Жұмабаев атындағы Боровской мектеп-гимназиясының 30 жылдық мерейтойы аталып өтті

**Өткен аптада қазақ мектебінің 30 жылдық мерейтойы аталып өтті.**

Тағлыммен танылған, білімімен талай асу алдырған қасиетті білім ордасына еліміздің түкпір-түкпірінен қоғам белсенділері, мектеп түлектері, қазақ мектебінің алғашқы ұстаздары шақырылып, ұлан асыр той өтті.

1991-1992 жылдары 14 оқушымен құрылған мектептің бүгінде 30 жылдық тарихы бар. Мерейтойға арналып ұйымдастырылған іс-шарада қазақ мектебінің алғашқы ұстаздары Нұрғайша Нұрахметова, Қапар Нұрабаев, Ғаббас Жұмабаев сынды аты қазаққа танымал тұлғаларымызды еске алу мен директорлар мінбесі атты концерттік бағдарламалар ұсынылды.

Ақ жаулықты әжелеріміз салт - дәстүріміз бойынша тойды шашу шашып, ашып берсе, мектеп қабырғасындағы білім алушылар сахна төрінде мың бұрала би билеп, әсем әнмен әндетіп, өз өнерлерін паш етті. Аудандық «Юбелейный» мәдениет үйінің өнерпаздары Байдос Қожасағиев пен Достияр Қайдаров қоңыр үнді домбырамен ән шырқады.

Жарты ғасырға жуық тарихы бар мектептің аты елге танылып, қабырғасы қаланып, асқар таудай алып жеңістерге қол жеткізуіне мектеп басшыларының қосқан үлесі зор. Саусақпен санарлық оқушымен құрылған уақытта алғаш мектеп директоры болған



Періштелер сахна төрінде Жұмабаев композициясын орындады

Алтыншаш Есетова мен Балжұма Тұрағұлова бастауыш мектептің негізгі мектеп болуына негіз болса, Нұргүл Утеулина 26 жыл басшылық қызмет атқарып, мектеп есімін елге танытты. 2021 жылдан бері білім ошағының тізгінін Кемер Дамирұлы ұстауда.

Қасиетті білім ошағынан талай шәкірт қанат қағып, қазіргі таңда мектеп қабырғасында есімі алтынмен жазылған түлектері де бар. Ұстаздардың шәкірт жүрегінен жол таба біліп, өмірлеріне дән сеуіп талай оқушы алтын белгі иегері болды. Мындаған түлек тегін оқу гранттарын ұтып алып, мұхит асып, өз қасиеттері мен біліктіліктерін шет елдерде шыңдауда.

Тәрбиелік іс-шараға арнайы шақырылған үздік түлектер қатары да бар. Мектеп табалдырығында жүріп Ғаббас атамиздің ізін жалғауды арман еткен, қылқаламмен аққағазға сөз құдыретімен қамшы өрген, талай сайыстарда ақындық өнерімен көпшіліктің көзайымына айналған, халықаралық деңгейге дейін мектеп мерейін өсірген, бүгінгі маман иелері Дінмұхаммед Құсайынов пен Алмас Тобылов шақырылып, мектеп қабырғасындағы тың естеліктерімен бөлісті

- Түлеп ұшқан алтын ұямыздың 30 жылдық мерейтойымен құттықтаймыз. Тарыдай болып кіріп, білім ошағанынан үлкен азамат болып қанат қағып ұшып кеттік. Мектеп қабырға-

сында аянбай еңбек етіп жүрген ұстаздарымыздың арқасында, қазіргі таңда бізде еліміздің дамуына өз үлесімізді қосып жатырмыз. Әр оқушының болашағына мектеп ұстаздары мен басшылықтың қосар үлестері өте көп. Айтқан әрбір ақыл-кеңестері мен қолдаулары әлі күнге дейін санамызда сайрап тұрады. Бүгінгі салтанатты жиынға қонақ ретінде шақырып, мерейімізді асқақтатып жатқан ұлағатты ұстаздарымызға алғысымыз шексіз, - дейді мектеп түлегі Дінмұхаммед Берікұлы

Концерттік бағдарламалар легі аяқталғаннан соң жиылған жұртшылықты мәнерлеп оқу сайыстарына жинады. Қазақ мектебі тарихында

ұстаздық қызмет атқарған Қапар Нұрабаевты еске алу құрметіне орай «Бас иемін тұлғаға» атты оқушылар арасында мәнерлеп оқу сайысы ұйымдастырылды. Қапар Жұмасұлтанұлының жұбайы мен балалары сайысқа де-меушілік көрсетіп, жеңімпаз оқушылармен қатысушыларға бағалы сыйлықтар мен Алғыс хаттар табыс етілді.

Ғаббас Жұмабаевтың есімімен аталатын білім ошағында ақын атамиздің өлеңдерін мәнерлеп оқу сайысы қызы Айгүл Ғаббасқызының басшылығымен іске асты. Туған-туыстары мен балалары сайысқа қатысушылар мен жеңімпаздарға ақшалай сыйақылар ұсынылып, аталарының ізін жалғаған бүлдіршіндер ақын

өлеңдерін мүлтіксіз орындады.

Алғашқы ұстаз Нұрғайша Нұрахметқызының туған – туыс, дос – жаран, бауырлары мектеп қабырғасындағы өскелең ұрпақ бойында ұлттық ойындарды ұлықтау мақсатында спорттық ойындарға қолдау көрсетіп, оқушыларға спорттық жабдықтар сыйға тартты.

Мерекелік іс-шараның соңғы бөлімі мектеп жанынан ұлы тұлғаларға арналып мұражай ашылды. Аудандық білім беру бөлімінің басшысының міндетін атқарушы Гүлдана Ахметованың қолдауымен іске асқан жоба 6 тұлғаға арналып, жасалынған. Толығырақ айта өтетін болсақ, Мұхамеджан Қарабаев, Манаш Қозыбаев, Спандияр Көбеев, Камшат Дөненбаева, Сайран Бұқанов, Ғаббас Жұмабаев сынды ұлы тұлғаларымыздың құрметіне орай ашылған болатын. Мұражай сөрелерінен ата-апаларымыздың жеке заттарымен қатар, кітап-дәптерлерін көре аламыз.

30 жылдың әр минутын, әр сағатын санамалап шығу мүмкін емес. Алайда, кешегі тарихқа шолу жасаған іс-шарада естеліктердің сыры шертілгендей болды. Сол естеліктердің бір бөлігі мектеп төрінен ашылған мұражайда сақталар сөзсіз. Жарты ғасырға жуық тарихы бар мектеп ұжымын мерейтойларымен шын жүректен құттықтаймыз. Алар асуларыңыз бен бағындырар белестеріңіз көп болсын.

**Ақжан БАЙТҮРСЫНОВА**



Жарты ғасырға жуық тарихы бар мектептің ұлағатты ұстаздары мен директорлар мінбесі